




ӘЛ -ФАРАБИ КІТАПХАНАСЫ



АБАЙ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «АБАЙ ӘЛЕМІ» АТТЫ КІТАП КӨРМЕСІ

Алматы, 2021

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ (1845-1904)

Абай – еліміздің тарихында өшпес із қалдырған қазақтың ұлы ақыны, ойшыл, ағартушы, аудармашы, композиторы. Ол 1845 жылы 10 тамызда Шыңғыстау баурайында Семей облысында (қазіргі Шығыс Қазақстан облысындағы Абай ауданы) дүниеге келген. Абайдың шығармашылық мұрасы - қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған даналығын бойына сіңірген рухани байлық. Ол Семейде медреседе оқыған, сонымен қатар орыс мектебіне барған. Абай араб, парсы және басқа шығыс тілдерін оқыды; оның дүниетанымының қалыптасуына Шығыстың ұлы ақындары мен ғалымдарының (Фирдауси, Науаи, Ибин-Сина, т.б.) гуманистік көзқарастары үлкен әсер етті.

Абай Семейде саяси себептермен жер аударылған орыс зиялыларының (Е.П. Михаэлис, Н. И. Долгополов және т.б.) ықпалымен орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын (А. С. Пушкин, М. Лермонтов, И.А.Крылова, М.Е.Салтыков-Щедрин, В.Г.Белинский) оқып, қазақ тіліне аударып бастады. Қайтыс болғаннан кейін ғана алғаш рет жарияланған Абай шығармалары (1909 жылы Санкт -Петербургте қазақ тілінде) бұрын халық арасында ауызша кеңінен тараған.

ӘЛ-ФАРАБИ КІТАПХАНАСЫНДАҒЫ АБАЙ ЗАЛЫ

Абайдың шығармашылығы еліміздің әрбір азаматының санасында болуы керек. Оның шығармалары әдеби талғамды қалыптастыруда, қазақстандықтардың жас ұрпағының рухани дамыған тұлғасын қалыптастыруда бағдар болуы тиіс. Осы мақсатта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби атындағы кітапханасында **2019 жылы Абай залы ашылды.**

Әл-Фараби атындағы кітапханадағы Абай залы - бұл университет ғалымдарымен Абай шығармашылығындағы өзекті тақырыптар туралы пікір алмасуға арналған алаң, ол үшін үлкен проекторлық экран және интерактивті трибуна орнатылған.


Абай залында Абайдың өмір жолын суреттейтін картиналар («Абай және Е. П. Михаэлис кітапханада», «Абай ұлдарымен», суретшісі - Я. М. Антонюк, суретші Г.Г. Конкараеваның "Жас Абай" картинасы, т.б.) қойылған. Олардың ішіндегі ең ірісі «Абай». Картинаның авторы белгілі суретші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі В.Я. Крымов. Сондай-ақ залда оның шығармашылығын зерттеуші белгілі жазушылардың, ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің (А.Байтұрсынов, М. Әуезов) портреттері орналастырылған. Залда ақынның ойлары, көзқарастары, ұмтылыстары бейнеленген дәйексөздер бар стендтер орналастырылған. Абай залының суреттерін осы сілтемеден <http://elibrary.kaznu.kz/ru/node/6448> көруге болады.

АБАЙ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН КӨРМЕ

10 тамыз күні елімізде Абай күні атап өтіледі. Осыған орай әл-Фараби кітапханасы ұлы ақынның шығармашылығына арналған кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрмеге кітапхана қорындағы ақынның сан алуан шығармаларының ішінен алғашқы басылымдары (1943, 1946, 1950) шығарылып, сонымен қатар 2006, 2019 жылғы басылымдары да қойылды: өлең жинақтары, қара сөздері және оның зерттеулері, шетел тілдерінде шыққан Абайдың шығармалары, кеменгердің шығармаларына арналған ғалым, жазушылардың зерттеулері мен еңбектері және т.б.

Көрме Абай туралы оқып біліп, бай мұрасымен тереңірек танысқысы келетін әр бір жанға, жас оқырманға дұрыс тәлім-тәрбие алуға, өмірінде Абайдың қара сөздері мен өлеңдері арқылы бағыт алуға, болашақ мамандарға, зерттеушілерге бірден бір көмекші құрал ретінде қолдануға арналған.


ӨЛЕҢДЕР ЖИНАҒЫ



Абай. Таңдамалы өлеңдер / Абай ;
ССРО ҒА, Қазақ филиалы, Тіл
және тарих ин-ты. – Алматы :
Қазбірмембас., 1943. – 29, [1] б.



Құнанбай, Абай. Жаздым үлгі
жастарға бермек үшін / Абай ;
құраст. М. А. Балақаев. – Алматы
: Қазбірмембас., 1945. – 62, [2] б.



Абай, Қ. Өлеңдер жинағы /
Абай Құнанбаев. – Алматы :
Қазмемкөркемәдеббас., 1950. –
82



Абай, Қ. Өлеңдер / Абай
Құнанбаев. – Алматы :
Жазушы, 1966. – 48 б.

ӨЛЕҢДЕР ЖИНАҒЫ




Абай (Ибрагим),
Құнанбаев. Избранное:
монография / Абай
(Ибрагим) ; пер. с каз. А.
Кодар. – Алматы : Ана тілі,
1996. – 222б.



Абай (Ибрагим) Құнанбаев.
Шығармалар жинағы : 2
томдық / Абай (Ибрагим)
Құнанбаев. – Алматы :
Жазушы, 1986.




Абай, К. Стихи. Слова
назидания: пер. с каз. /
Абай Құнанбаев. - М.:
Рус. кн., 2003.



Абай, Қ. Өлеңдер /
Абай Құнанбаев. –
Алматы : Жазушы,
1966. – 48 б.


АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІ



Абай. Қара сөз = Книга слов / Абай. – Семей : халықаралық Абай клубы, 2001. – 259, [5] б.
(Аманат журналының кітапханасы). – Кітап қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.



Абай (Ибрахим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы / Абай (Ибрахим) Құнанбайұлы ; ҚР ҰҒА, М. О. Әуезов атын. әдеб. және өнер ин-ты. – Алматы : Ғылым, 1977. – Т. 2: Аудармалар мен қара сөздер. – 309, [1] б




Абай. Қара сөз : нақыл сөздер / Абай. – Алматы : Көшпенділер, 2007. – 158, [2] б.




Сүйіншалиев, Х. Ж. Абайдың қара сөздері: – Алматы : Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956


АБАЙДЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІНДЕ



Абай. Қара сөздер.
Поэмалар. Книга слов.
Поэмы. (Корей, қазақ,
орыс тілдерінде).
Иерусалим баспасы, –
372 б.




Абай. Қара сөз = Book of
words : ҚР 10 жылдығына
арн. / Абай ; [ред. К.
Серікбаева]; ағылшын
тіліне ауд. Ричард
МакКейн. – Семей : Абай
халықаралық клубы, 2005.
– 181, [3] б.



Абай. Панднома =
Книга слов / Абай. –
Душанбе: Истеъдод,
2010. – 164 с. – На
тадж. яз.




Абай, Қ. Таңдамалы
өлеңдер мен
поэмалар / Абай
Құнанбаев. – М. :
Прогресс, 1971. –
Араб тілінде.



Abay Kunanbayev.
Şiirler / Zafer KIBAR.
– Ankara, 2014 (Абай
Құнанбайұлы.
Өлеңдер. Түрік-қазақ
тілдерінде)


АБАЙ ТУРАЛЫ ЕҢБЕКТЕР, ӨЛЕҢДЕР, РЕСМИ МӘЛІМЕТТЕР




Абайды оқы,
таңырқа... / Ред. С.
Бактыгереев. –
Алматы : Ана тілі,
1993. – 156, [3] б.




Абайдың өмірі мен
творчествосы.
Алматы-Аты – 1954



Есимов, Г. Хаким
Абай / Гарифлла
Есимов. – Алматы:
Білім, 1995. – 189, [1]
с.



Досжан, Д. Абайдың рухы :
ғұмырнамалық ойтолғау /
Дүкенбай Досжан. – Астана
: Фолиант, 2008. – 428, [3]
б.




Абай және архив / ҚР м-
лер каб. жанындағы
архивтер мен құжаттама
бас басқармасы; Құраст. С.
Байжанов. – Алматы :
Ғылым, 1995. – 216 б.


АБАЙ ЖӘНЕ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ



Машанов, А. Ж. Әл-Фараби және Абай / Ақжан Жақсыбекұлы Машанов; А. Ж. Машанов. – Алматы : Қазақстан, 1994. – 190, 121 б.




Абай и Навои : науч. сб. / М-во образования и науки РК, Ком. науки, Ин-т литературы и искусства им. М. О. Ауэзова ; отв. ред. С. Ананьева ; отв. вып. С. Корабай. – Алматы : Print express, 2018. – 252 с.



Көбесов А. Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда. Зерттеу еңбек. – Алматы : «Қазақ университеті», 2006. – 138 б.


АБАЙ ЖӘНЕ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ



Ғабдуллин, Б. Шоқан, Ыбырай және Абай дін туралы : (Шаманизм, ислам, атеизм, деизм, антиклеркализм) / Бақыт Ғабдуллин. – Алматы : Қазақстан, 1988. –102, [1] б.



Абай-Шәкәрім : ұжымдық монография / әл-Фараби атын. ҚазҰУ ; жалпы ред. басқ. Қ. Әбдезұлы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2012. – 207, [3] б.




Абайдың ақын шәкірттері / дайын. К. Мұхамедханұлы. – Алматы : РГЖИ "Дәуір", 1994. – 336 с.



Машанов, А. Ж. Әл-Фараби және Абай / Ақжан Жақсыбекұлы Машанов; А. Ж. Машанов. – Алматы : Қазақстан, 1994. – 190, 121 б.

«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫ



Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы - қазақтың көркем прозасын жоғары деңгейге көтеріп, әлем әдебиетіне биік эстетикалық талғам, көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Төрт томдық романның әр кітабының құрылымы мен стилінің бірін-бірі қайталамауының өзі де жаңалық еді. Бірінші кітап жас Абай қызықтаған жастық романтикасына негізделіп, оның ел тіршілігімен танысып, ашылуын бейнелесе, екінші кітап ақындыққа, ойшылдыққа бетбұрысты танытады. Мұнда жастық романтикасының орны, адамдар арасындағы тартыс айтылады. Үшінші кітап Абайдың өз ортасынан бөлініп шығып, туған халқымен табысуын, халыққа бетбұрысын танытса, төртінші кітапта Абай жолының кеңейіп, қалаға, далаға тарауын, оның үлкен қоғамдық күшке айналуын көрсетеді.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!